



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№5 (459) 29 мамыр,
2026 жыл



ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ МЕН ФУДАН ҒЫЛЫМИ ПАРКІ АРАСЫНДА МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ

2026 жылғы 13–17 мамыр аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов бастаған делегация Қытай Халық Республикасында ресми іссапармен болды. Іссапардың негізгі мақсаты – жоғары технологиялар, жасанды интеллект және инновациялық өндіріс салаларындағы халықаралық әріптестікті дамыту. Сапар барысында университет өкілдері дрондарды құрастыру желілерімен, интеллектуалды басқару жүйелерімен, автоматтандырылған өндіріс процестерімен және агроөнеркәсіпке арналған цифрлық технологиялармен танысты. Әсіресе, егін алқаптарын мониторингтеу, тыңайтқыш себу, химиялық өңдеу және аграрлық деректерді жинауға арналған AI-driven технологиялар делегацияның ерекше қызығушылығын тудырды. Мамандардың айтуынша, мұндай жүйелер ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, су мен табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл бағыт университет

үшін жасанды интеллект, робототехника, IoT және smart agriculture салаларын дамытудағы маңызды тәжірибе саналады. Алдағы уақытта агродрондар, цифрлық фермерлік және өндірістік автоматтандыру бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ студенттердің практикалық даярлығын күшейту жоспарланып отыр. Іссапар аясында делегация Фудан университетінің Ұлттық ғылым және технологиялар паркіне (National Science Park of Fudan University) барды.

Аталған орталық Қытайдағы жетекші инновациялық экожүйелердің бірі саналады. Мұнда ғылым, технология және өндіріс өзара ықпалдасып, заманауи ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Кездесу қорытындысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Фудан университетінің Ұлттық ғылыми паркі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Кездесу барысында ми-компьютер интерфейсі (BCI), нейропротездеу, мидың 100 миллиард нейронын модельдеу техноло-

гиясы, AI негізіндегі ауруларды ерте диагностикалау жүйелері, нейроморфты чиптер мен AGI теориясы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы AI шешімдері таныстырылды.

Мамандар ISTBI концепциясының басты ерекшелігі – зертханадан клиникаға, клиникадан индустрияға дейінгі толық циклді қамтитын инновациялық экожүйе қалыптастыру екенін атап өтті. Бұл бағыт Қызылорда өңірі үшін де аса маңызды.

Бүгінде аймақта денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру, психикалық денсаулықты қорғау және бас миы ауруларын ерте анықтау мәселелері өзекті болып отыр. Осыған байланысты ISTBI технологиялары AI негізіндегі диагностикалық жүйелерді енгізуге, қашықтан медициналық мониторинг жүргізуге, нейроналту жабдықтарын бейімдеуге, халық денсаулығына қатысты деректерді талдауға және білім беру саласында ми-компьютер интерфейстерін қолдануға мүмкіндік береді.

ЕРКЕБҰЛАН КӘЖДЕНБЕК – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 1 курс студенті Еркебұлан Кәжденбек Ақтау қаласында гир спортынан өткен Азия чемпионатында үздік нәтиже көрсетіп, Азия чемпионы атанды.

Еркебұланның бұл жетістігі – табандылық пен үздіксіз еңбектің жемісі. Чемпионды

жарысқа жаттықтырушы Бекмұрат Нысанбаев дайындады.

Университет ұжымы Еркебұлан Кәжденбекті жарқын жеңісімен құттықтап, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындыруына тілектестік білдіреді.

Құттықтаймыз!

Университет профессор-оқытушылары: Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Серікбай Қошқаров, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Тайманов, Мәдениет саласының үздіктері Шолпан Бимбетова мен Майра Сарсенбаеваға 2026 жылғы 22 мамырда Қызылорда облысы әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығы табысталды.

31 МАМЫР - САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ


31-мамыр саяси қуғын-сүргіндерді еске алу күні. Бұл күн «Ашаршылық және репрессия құрбандарын еске алу күні», - деп белгіленіп, 1997 жылдан бастап бекітілді. Содан бері елімізде ашаршылық жылдарында құрбан болғандарды тиісті дәрежеде еске алу жалғасын тауып келеді.

Саяси қуғын-сүргін мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихтың шерлі беттерінің бірі болып қала бермек. Әкімшілік – жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі жерде борышымыз - осы қаңқұйлы жылдардың оқиғасы, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау.

1920–1930 жылдары 100 мыңнан астам қазақстандық азаматтар отанына опасыздық

жасады деген айыппен жазықсыз сотталып түрмелерге қамалып, лагерьлерге айдалған. Көбісі ату жазасына кесілген. Олардың арасында 25 мыңға жуық сол кездегі қазақ зиялылары: ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері болды.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1932–1933 жылдары ең кемі 2 миллион қазақ аштықтан ажал құшты. Сол бір зұлмат заманның зарлы үніне айналған күнді еске алғанда кеудені өкініш, өкпе-реніш кернейді. Біздің бүгінгі бейбіт өміріміз бен тағдырымыз осы тарих кейіпкерлерінің арқасында екенін есте сақтаған жөн. Осы қаңқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбан болған азаматтарының есімдерін ұмытпай, мәңгі есте сақтап, жас ұрпақ санасына бабалар арқау еткен Тәуелсіздікті, еркіндікті дәріптеу – біздің басты міндетіміз.



Кәсіби тәжірибе — болашақ маман қалыптастыру жолы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институты студенттері өндірістік практика барысында екі жыл бойы алған теориялық білімдерін нақты кәсіби ортада шындап, алғашқы еңбек тәжірибелерін жинақтауда. Практика – білім алушылардың кәсіби бағыт-бағдарын айқындап, өз мүмкіндіктерін өндіріс пен қызмет көрсету салаларында дәлелдеуге жол ашатын маңызды кезең. Бүгінде студенттер тек өңірлік мекемелерде ғана емес, еліміздің экономикасы мен цифрлық дамуына үлес қосып отырған ірі ұйымдарда тәжірибеден өтуде.



Қаржы және банк секторында тәжірибе жинақтап жатқан студенттер Halyk Bank, Freedom Bank, Freedom Life және ҚазАгроҚаржы ұйымдарында банк құжаттарымен жұмыс істеу, клиенттерге қызмет көрсету, электронды база жүргізу және ішкі бизнес-процестермен танысуда. Бұл бағыт болашақ мамандардың қаржылық сауаттылығын арттырып, экономикалық жүйенің жұмысын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Өндіріс, мұнай-газ және өнеркәсіп са-




лаларында білім алушылар KazMunaiGas Digital, ПетроҚазақстан және Шалқия Цинк мекемелерінде IT-инфрақұрылым, ақпараттық қауіпсіздік, желілік жүйелер және өндірістік процестерді цифрландыру бағытында тәжірибе жинақтауда.

Ал IT және цифрлық технологиялар саласында студенттер АО “Ұлттық ақпараттық технологиялар”, Государственная техническая служба, Kyzylorda Hub, IT Park, Grant Technology, Global Elements және Elements.kz секілді ұйымдарда веб-жобалар әзірлеу, киберқауіпсіздік, техникалық қызмет көрсету, желілік әкімшілендіру және цифрлық шешімдер бойынша тәжірибе жинақтап жатыр. Мемлекеттік басқару және қоғамдық қызмет саласында тәжірибеден өтуші студенттер Қызылорда облысының әкімдігі, Жалағаш ауданының әкімдігі, Полиция басқармасы, Облыстық сот, Халыққа қызмет көрсету бөлімі және Отбасын қолдау орталығы мекемелерінде электронды құжат айналымы, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және әкімшілік процестермен танысуда.

Сонымен қатар статистика, медиа, логистика және жобалау салаларында да студенттердің белсенділігі байқалады. Ұлттық статистика бюросының департаменті, Quzylorda TV / Қызылорда телеарнасы, Adal Logistics және “Шынар Проект и Компания” ұйымдарында білім алушылар деректерді өңдеу, инфографика, SMM, дизайн және логистикалық жұмыстарға қатысып, кәсіби

машықтарын дамытып келеді. Практиканың алғашқы күндерінен-ақ студенттердің кәсіби қызығушылығы мен жауапкершілігі айқын көрінді. Евгений Решетников виртуалды ортада корпоративтік желі құрып, Kali Linux негізінде фаервол және веб-қауіпсіздік элементтерімен жұмыс істеді.



Дәулет Талғат Cisco коммутаторын баптап, желілік әкімшілендіру бағытындағы дағдыларын көрсетті. Темирлан Рахмет KazMunaiGas Digital базасында ақпараттық қауіпсіздік және QazCloud жүйелерімен танысты. Әділет Дәуітбаев АО “Ұлттық ақпараттық технологиялар” базасында домендік инфрақұрылым және Active Directory жүйесімен жұмыс жүргізді. Мерuert Ахметова, Асылжан Қалжан және Бекнұр Жолдин веб-дизайн, UI/UX және сайт жасау бағытында нәтижелі жұмыстар атқарса, Нұртөре Баймұрат халыққа қызмет көрсету саласында азаматтарға электронды цифрлық қолтаңба мен электронды мемлекеттік қызметтер бойынша көмек көрсетті.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті білім алушылардың кәсіби дамуына жағдай жасап, еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруда.

«ӘЛЕМДІ ҒЫЛЫМ ҚҰТҚАРАДЫ – IV» ҒЫЛЫМ АЙЛЫҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

2026 жылғы 30 сәуірде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады – IV» атты дәстүрлі ғылым айлығының жабылу салтанаты өтті. Аукымды іс-шара университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған бір айлық еңбектің қорытындысын шығарып, үздіктерді марапаттаумен ерекшеленді. Салтанатты жиын университет ұжымының Басқарма төрағасы – Ректоры Наурызбай Байқадамовты III дәрежелі «Барыс» орденімен наградтауымен құттықтаудан басталды.

Іс-шараның ашылуында Ректор ғылым айлығы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, университетте ғылыми-зерттеу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ғылым айлығы барысында 100-ге жуық іс-шара, 27 ғылыми семинар мен вебинар, профессор-оқытушылардың 9 ашық дәрісі, республикалық және 5 халықаралық конференция, 4 ғылыми тұлғаға арналған дөңгелек үстел, 6 студенттік конференция, 5 ғылыми олимпиада, сондай-ақ түрлі сайыстар, сенбілік акциялар мен ғылым көрмелері өткізілген.



Жиын барысында ғылым мен білім саласына үлес қосып жүрген профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми орталықтар мен зертхана ұжымдары, сондай-ақ білім алушылар ректордың алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, жоғары рейтингілі

ғылыми журналдарда жарияланымдары бар «Белсенді ТОП-20 автор» иегерлері арнайы марапатқа ие болды. Аталған іс-шара ғылым мен білімнің өзара сабақтастығын нығайтып, жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми ізденісіне тың серпін берді.

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

2026 жылғы 12 мамырда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазіргі жаһандану және цифрландыру жағдайындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шараға Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Заң факультетінің деканы, философия докторы Әлия Қасымбек, құқық қорғау органдарының өкілдері, Қызылорда қалалық сотының судьялары, облыстық прокуратура, адвокаттар алқасы мен полиция департаментінің қызметкерлері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Сонымен қатар, «Жас сайлаушылар» клубы мен «Заң клиникасының» мүшелері де белсенді атсалысты.

Жиынның модераторы «Құқықтану» білім беру бағдарламасының жетекшісі Еркемай Саниязова конференцияның қоғам үшін өзектілігіне тоқталып, Конституцияның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлін атап өтті.

Конференция барысында сала мамандары мен ғалымдар конституциялық даму, сот тәуелсіздігі, заң үстемдігі және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелерін кеңінен талқылады. Атап айтқанда, Әлия Қасымбек «Қазақстанның жаңа Конституция жағдайындағы конституциялық дамуы: теория және практика» тақырыбында баяндама жасап, жаңа конституциялық реформалардың маңызы жөнінде баяндады.

Сонымен қатар, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті Қылмыстық процесс және сот сараптама-сы кафедрасының аға оқытушысы Айна Аязбекова, Бердах атындағы Қарақалпақ

мемлекеттік университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Аманлық Гулимов және Қарақалпақ мемлекеттік университеті Адам құқықтары, мемлекеттік құқық және басқару кафедрасының доцент м.а., заң ғылымдарының докторы, PhD Шийрин Бурханова цифрлық дәуірдегі құқықтық реттеу, коммуникация құпиясын қорғау және адам құқықтарының қазіргі заманғы өзекті мәселелері жөнінде баяндамалар жасап, құқықтық жүйелердің жаһандану жағдайындағы дамуына тоқталды.

Қызылорда қалалық сотының судьясы Азат Әбдіразақов сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты конституциялық-құқықтық аспектілерге тоқталса, Қызылорда облыстық прокуратурасы басқармасы бастығының орынбасары Ержан Алтынбай заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің құқықтық мемлекеттегі маңызын атап өтті. Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Мейрбек Даубалаев азаматтардың құқықтарын қорғаудағы адвокатураның рөлі туралы баяндама жасады. Ал облыстық полиция департаментінің Профилактикалық

жұмысты үйлестіру басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Айбек Құлмағанбетов Конституцияның құқықтық тәртіп пен профилактикадағы негізгі тетік екенін жеткізді.

Конференцияда «Құқықтану» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы Эльмира Тойлыбекова «Халық кеңесі – мемлекеттің жаңартылған институционалдық моделінің элементі» тақырыбында баяндама жасап, қоғамдық диалогтың маңызын атап өтті.

Іс-шараны университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов қорытындылап, Конституция – мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамдағы заң үстемдігінің басты кепілі екенін атап өтіп, ғылыми алаңдардың құқықтық мемлекет қағидағарын насихаттауда, тәжірибе алмасуда және жас буынның құқықтық санасын нығайтуда маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Сондай-ақ, конференция жұмысына белсенді қатысқан сала мамандары мен жастарға алғыс білдірді.



ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАҢА ПРОРЕКТОРЛАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жаңа кадрлық тағайындаулар жүзеге асты. Университеттің Басқарма төрағасы – Ректоры Наурызбай Байқадамов аппарат мәжілісінде ұжымға жаңадан тағайындалған проректорларды таныстырды.

Басқарма мүшесі- Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор лауазымына Уалихан Серікұлы Ибраев, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректор лауазымына Баянәлі Амантайұлы Досжанов бекітілді.



Уалихан Серікұлы Ибраев – тарих ғылымдарының кандидаты, 1998-2002 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдаған. Еңбек жолын 2002 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жалпы тарих кафедрасында ассистент қызметінен бастаған. 2009

жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен «тарих ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі берілген. 2007 жылдан бастап Жалпы тарих кафедрасының оқытушысы кейін аға оқытушысы қызметтерін атқарған. 2007-2008 жылдары Тарих және қазақ филологиясы факультеті деканының орынбасары болды. 2010-2012 жылдары гуманитарлық-педагогикалық мамандықтар бойынша сырттай білім беру факультеті деканының орынбасары, 2012-2013 жылдары «Еуразиялық өркениет және Сыр өңірі» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, 2013-2014 жылдары «Тарих, құқық және экономика» институты директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, 2015-2020 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ директоры, 2020-2021 жылдары «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары - «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, 2022-2023 жылдары Қызылорда облыстық ішкі саясат және қоғамдық даму басқармаларында бөлім басшысы, 2023 жылдан бастап Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды.

Ал Баянәлі Амантайұлы Досжанов – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Еңбек жолын 1996 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің «Қолданбалы математика және инфор-



матика» кафедрасында үйренуші-оқытушы қызметінен бастаған. 2001-2004 жылдары Қорқыт Ата атындағы университетінің аспирантурасында білім алды.

2005-2008 жылдары университетінің оқу-әдістемелік басқармасының бас әдіскері, қашықтықтан оқыту және мамандарды қайта даярлау орталығының директоры қызметтерін атқарды. 2008-2010 жылдары инновациялық технологиялар және оқу процесін жоспарлау бөлімінің бастығы, 2012-2013 жылдары академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, 2013-2016 жылдары оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, 2016-2021 жылдары үздіксіз білім беру және қашықтықтан оқыту институтының директоры болды. 2021-2022 жылдары «Информатика және АКТ» кафедрасының доценті. 2022 жылдың 20 шілдесінен бастап осы кезге дейін академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры қызметін атқарды.

ОҚЫТУ САПАСЫН ІШКІ САРАПТАУ КЕЗЕҢІ

2026 жылғы 4-8 мамыр аралығында Экономика және құқық институты, Инженерлік-технологиялық институт және Жасанды интеллект институтының Академиялық сапа комитеттерінің отырыстарында білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын ішкі бағалау нәтижелері баяндалды. Тексеру 62 білім беру бағдарламасын, соның ішінде 38 бакалавриат БББ, 18 магистратура БББ және 6 докторантура БББ қамтыды.

Аудит 2026 жылғы 6-22 сәуір аралығында білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бағалау туралы Ережеге сәйкес жүргізілді. Білім беру бағдарламалары келесі критерийлер бойынша бағаланды:

БББ әзірлеу және сараптау, институттың/ университеттің дамуына үлес қосу;

Академиялық құрамдас бөлігі және студенттердің жетістіктері;

Зерттеу құрамдас бөлігі және профессорлар-оқытушылар құрамы мен студенттердің ғылыми жетістіктері;

БББ интернационалдандыруы;

Жастар саясатын іске асыруға үлес қосуы;

БББ кадрлық әлеуеті;

Өткізілген сабақтың сапасын бағалау;

Жұмыс берушілер, түлектер және студенттер тарапынан БББ бағалауы.

Жұмыс топтарының басшылары әрбір білім беру бағдарламасының мықты және әлсіз жақтары туралы баяндап, БББ сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар берді. БББ сапасын ішкі бағалауды жүргізу қорытындысы бойынша білім беру бағдарламаларының басшылары БББ сапасын одан әрі жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. Білім беру бағдарламалары сапасын ішкі бағалау қорытындылары университеттің Ғылыми Кеңесінің алдағы отырысында баяндалмақ.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркия Республикасының Сельджук университетінен келген студенттер тарих және археология бағыты бойынша білім алып, ғылыми-танымдық тәжірибесін жетілдірді.

«Орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс» пәні аясындағы дәрістерде тарихи үдерістерді салыстырмалы тұрғыда зерделеп, өркениеттердің өзара ықпалы мен мәдени байланыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік алды.

Оқу барысында студенттер пікірталастарға белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізуге, деректерді саралауға және ғылыми

тұжырым жасауға дағдыланды. Бұл олардың зерттеушілік қабілетін дамытып, халықаралық академиялық ортадағы тәжірибесін кеңейтті.

Университеттің білім беру кеңістігі қонақ студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер алаңына айналды.

Профессор-оқытушылармен тәжірибе алмасу кәсіби байланыстарды нығайтып, оқу үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етті.

Мәдени-танымдық іс-шаралар да студенттердің жаңа ортаға тез бейімделуіне жол ашты. «Ел іші – алтын бесік» дегендей, олар қазақ жерінің қонақжайлығын сезініп, халықаралық достықтың құндылығын терең ұғынды.



ЦИФРЛЫҚ ОРТА ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Қазіргі ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер мен сөздердің мағынасы уақыт өте келе өзгеріп отырады. Бұл өзгеріс тек тілдік құбылыс емес, ол қоғамдағы мәдени және әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты.

Мысалы, geek лексемасының қолданысын талдау оның семантикалық трансформацияға ұшырағанын айқын дәлелдейді. Бұрын әлеуметтік тұрғыдан оқшауланған, «оғаш» деген мағынаны білдірсе, қазіргі дискурста ол жоғары интеллектуалдық қабілет пен кәсіби құзыреттіліктің белгісі ретінде қолданылып жүр. Бұл өзгеріс кездейсоқ емес, ол қоғамдағы білім мен технологияға қатысты құндылықтардың қайта бағалануының нәтижесі.

Spill the tea тіркесінің қолданылуын талдау оның мағынасының дискурстық тәуелділігін айқындайды. Бұл фразеологизм көбіне әлеуметтік желілерде және бейресми коммуникацияда қолданылып, ақпаратты жариялау немесе құпияны ашу мағынасын білдіреді. Алайда оның бағалауыштық сипаты контексте байланысты өзгеріп отырады: кейбір жағдайларда ол позитивті (қызықты ақпарат), ал басқа жағдайларда негативті (өсек, жағымсыз ақпарат) реңкке ие болуы мүмкін. Тілдік мағынаның прагматикалық және интерпретациялық табиғатын көрсетеді. Осыған ұқсас түрде cheer және cheer shot бірліктерінің талдауы олардың аксиологиялық поляризацияға ұшырайтынын көрсетті.

Cheer сөзі бір контексте «қолжетімділік» мағынасында позитивті бағаланса, басқа жағдайда «сапасыздық» мағынасында негативті реңкке ие болады. Ал cheer shot тіркесі көбіне тұрақты негативті мағыналық сипатқа ие.

Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері бойынша break the internet тіркесінің 74% жағдайда

позитивті контексте қолданылатыны анықталса, cheer shot тіркесінде негативті қолданыс 81% құрап, оның тұрақты теріс бағалауыштық мәнге ие екенін дәлелдейді. Орташа көрсеткіштер бойынша позитивті қолданыс 45.8%, негативті 35.2%, ал бейтарап қолданыс 19% құрады. Нәтижелер тілдегі мағынаның біркелкі емес екенін және оның әртүрлі факторларға тәуелді өзгеретінін көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің мазмұнының өзгерісін тереңірек талдау тек жеке лексикалық бірлік ретінде емес, тұтас дискурстық құрылым құрамында қарастырылуы керектігін көрсетеді.

Қазіргі ағылшын тіліндегі бірқатар фразеологиялық бірліктердің мағынасы олардың қолданылу жиілігінің артуымен қатар, жаңа коммуникативтік функцияларды атқара бастауымен ерекшеленеді. Тілдік құбылыс әсіресе цифрлық коммуникация кеңістігінде айқын көрінеді. Әлеуметтік желілерде қалыптасқан тілдік үлгілер қысқа уақыт ішінде кең таралып, тұрақты тіркестерге айналады. Мұндай бірліктердің ерекшелігі олардың жоғары экспрессивтілігі мен контексте тәуелділігінде көрінеді.

Break the internet тіркесі қазіргі медиакөрсеткіште кең таралған. Алғашында ол гиперболалық мағынада қолданылып, «шектен тыс назар аударту» деген ұғымды білдірген. Бүгінде бұл тіркес әлеуметтік желілерде үлкен резонанс тудырған, тез тараған контентті сипаттайтын «viral phenomenon» ұғымына айналды.

Фразеологиялық бірліктердің мағыналық трансформациясы олардың когнитивтік негізімен де байланысты. Яғни, белгілі бір тіркестің мағынасы адамның әлемді қабылдау ерекшеліктерімен және мәдени тәжірибесімен анықталады. Бұл тұрғыдан

алғанда, фразеологизмдер тек тілдік бірлік емес, мәдени концептілердің көрінісі десек те болады. Осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің мазмұнының өзгерісі олардың мәдени контекстке тәуелділігін де көрсетеді.

Мысалы, технологиялық даму мен цифрлық мәдениеттің күшеюі geek сияқты сөздердің бағалауыштық реңкін өзгертіп, оларды позитивті мағынада қолдануға алып келді. Бұл құбылыс қоғамдағы құндылықтардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Фразеологизмдердің мағынасы тек жеке контексте ғана емес, сонымен қатар кең дискурстық құрылым ішінде қалыптасады. Тіл интерпретациясы әртүрлі факторларға тәуелді екенін көрсетеді, соның ішінде мәтіннің жанры, аудитория және коммуникативтік жағдай маңызды рөл атқарады.

Тұрақты тіркес бірліктерінің динамикасын талдау тілдік жүйедегі орнын өзгеріп отырғанын көрсетеді. Кейбір тіркестер уақыт өте келе өзектілігін жоғалтса, басқалары керісінше жаңа мағынаға ие болып, белсенді қолданысқа енеді. Фразеологиялық бірліктердің мазмұнының өзгерісі көпқырлы процесс, тілдік және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Цифрлық кеңістік – бүгінгі тілдің ең жылдам дамып жатқан ортасы. Әсіресе әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде қысқа, нұсқа әрі әсерлі сөздер ерекше сұранысқа ие. Себебі олар ойды жылдам жеткізіп қана қоймай, оқырманға әсер қалдырады, эмоция тудырады. Осылайша, цифрлық деуір тілді байыттып қана қоймай, оны жаңа биікке шығарып, сөз мағынасының шексіз мүмкіндіктерін айқындап отыр.

Шұғыла ӘДІЛБЕК,
ШТ-24-1 оқу тобының магистранты

ЖУРНАЛИСТ – ҚОҒАМ МЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Қазіргі таңда ақпараттың рөлі өте жоғары. Адамдар күн сайын жаңалық оқып, түрлі оқиғалардан хабардар болып отырады. Осындай кезде журналистің жауапкершілігі арта түседі. Себебі бір ғана қате ақпарат қоғамға кері әсерін тигізуі мүмкін. Нағыз журналист әрқашан шындықты іздеп, нақты дерекке сүйенуі керек. Бұл – мамандықтың ең маңызды қағидаларының бірі.

Нағыз журналист әрқашан әділдік пен ақиқат жолында қызмет етеді. Белгілі журналист Уолтер Кронкайт: «Журналистің басты міндеті – шындықты айту» деген. Бұл сөз журналист мамандығының мәнін айқын көрсетеді. Әлем тарихында өз еңбегімен танылған мықты журналистер өте көп. Мысалы, италиялық журналист Ориана Фаллачи батылдығымен және өткір сұхбаттарымен танымал болды. Ол әлемдегі көптеген саясаткерлермен сұхбат жүргізіп, журналистиканың биік деңгейін көрсетті. Сонымен қатар америкалық журналист Боб Вудворд пен Карл Бернстайн «Уотергейт жанжалын» зерттеп, әділ журналистиканың үлгісін танытты. Олардың еңбегі бүкіл әлем журналистеріне үлкен мотивация берді.

Журналист болуды армандайтын адамның бойында батылдық, білімге құштарлық және шешендік қасиет болуы керек.

Себебі журналист халықтың мұңын айтып, қоғамдағы мәселелерді көтереді. Қазақтың көрнекті қаламгері Шерхан Мұртаза: «Тіл – журналистің қаруы» деген болатын. Расында, журналист сөз арқылы халыққа әсер етеді, ой салады және қоғамды өзгерте алады. Менің ойымша, журналист мамандығы – ең қызықты әрі жауапты кәсіптердің бірі. Бұл мамандық иесіне әлемді тануға, түрлі адамдармен кездесуге және маңызды оқиғалардың ортасында жүруге мүмкіндік береді. Журналист тек ақпарат таратушы ғана емес, ол – халықтың үні мен қоғамның айнасы. Иә, журналист міндетті түрде шешендік өнерді бірге алып жүруі керек. Шешендік өнер журналистке сұхбат алу кезінде, телебағдарлама жүргізгенде, көпшілік алдында сөйлегенде және мақаланы әсерлі жазада үлкен көмектеседі. Мысалы, танымал тележүргізушілердің сөз саптауы, дауыс мәнері мен ойын жеткізуі көрерменге ерекше әсер қалдырады. Қазақ халқы ежелден шешендік өнерді ерекше қадірлеген. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты ұлы тұлғалар сөздің құдіреті арқылы ел ішіндегі дауларды шешіп, халықты бірлікке, татулыққа шақырған. Олардың әрбір айтқан сөзі тек дау шешу құралы ғана емес, сонымен бірге тәрбие мен даналықтың көзі болған. Осындай шешендік дәстүр қазіргі журнали-

стика үшін де өте маңызды. Журналист те халыққа сөз арқылы әсер етеді, қоғамдық ой қалыптастырады. Сондықтан оның тілі анық, ойы жүйелі, сөзі нанымды болуы керек.

Шешен сөйлей білетін журналист қана аудиторияның сеніміне ие болып, ақпаратты әсерлі әрі түсінікті жеткізе алады. Сұхбат – журналист пен белгілі бір тұлғаның арасындағы әңгіме арқылы ақпарат алу тәсілі. Оның мақсаты – адамның ой-пікірін, көзқарасын және тәжірибесін ашу. Сұхбат арқылы оқырман немесе көрермен нақты тұлға туралы терең мәлімет алады. Бұл әдіс шынайылықты арттырып, материалды қызықты етеді.

Проблемалық ізденіс – қоғамдағы маңызды мәселелерді зерттеп, оның себептері мен салдарын анықтау процесі. Бұл журналистиканың ең күрделі әрі жауапты түрлерінің бірі. Мұнда журналист тек ақпарат беріп қана қоймай, мәселені терең зерттеп, қоғамға ой салады. Мұндай материалдар кейде үлкен әлеуметтік өзгерістерге де себеп болады.

Қорытындылай келе, журналист болудағы мақсат – ақиқатқа қызмет ету, халық сеніміне ие болу және елдің болашағына үлес қосу.

Аружан АБЫЛАЙ,
Ж 24-1 оқу тобының студенті

ҒЫЛЫМ МЕН ҒҰМЫР ҮНДЕСТІГІ

1980 жылы Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтының Қызылорда филиалына оқытушылық қызметке келгеннен кейін ортақ достарымыз арқылы Бағдат Кәрібозұлымен таныстым. Ол Қызылорда педагогика институтында оқытушы екен. Сол бір таныстық уақыт өте келе рухани жақындыққа ұласарын ол кезде кім білген.

Жастық шақтың өзіне тән асқақ арманы болады ғой. Біз де сондай арман жетегінде едік. Ол кезеңдегі ең үлкен рухани құндылығымыз – ғылымға ұмтылу, терең білімге жол салу, аспирантураға түсіп, ғылым кандидаты атану еді. Бұл мақсат екеумізді одан сайын жақындастыра түсті. Біз тек әріптес емес, бір бағытта ойлайтын, бір мұратқа ұмтылған жандарға айналдық.

Екіжылдансоңмен Мәскеуге аспирантураға, Бағдат Кәрібозұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне аспирантураға түсті. Аспирантураны тәмамдап, кандидаттық диссертация қорғап, туған жерге оралған соң, біз қайтадан бір арнада тоғыстық. Бұл жолы біз тек оқытушы ғана емес, ұйымдастырушы, басшы ретінде де танылдық.

Екеуміз де екі оқу орнында факультет деканының орынбасары, декан қызметтерін қатар атқардық. Бағдат Кәрібозұлы ұзақ жылдар бойы факультетті абыроймен басқарды. Ал мен филиалдың оқу ісі жөніндегі директор орынбасары қызметін атқардым.

Біздің өмір жолымыз осылайша қатар өрілді. Қуанышы мен қиындығы қатар жүрген қызмет жолында бір-бірімізге тірек болдық, бір-бірімізді толықтырдық. Уақыт өткен сайын түсінгенім – кейбір адамдармен танысу кездейсоқ емес, ол тағдырдың жазуы. Бағдат Кәрібозұлымен болған достығым – соның бір дәлелі.

Бүгін артқа қарасам, сол бір алғашқы таныстықтан басталған жол тұтас бір дәуірге айналыпты. Уақыт алға жылжыған сайын адам тағдырындағы жауапкершілік те салмақтана түседі екен. 1998 жылы облыс орталығындағы екі жоғары оқу орны қосылып, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болды. Мен жаңадан құрылған университеттің ректоры қызметіне тағайындалдым. Бұл – жай ғана қызмет емес, тұтас бір ұжымның, жаңа білім ордасының тағдырын мойнына алу деген сөз еді. Дәл сол уақытта Бағдат Кәрібозұлы сол университет қабырғасында факультет деканы болып еңбек етіп жүрген болатын.

Алғашқы күндерден-ақ алдымызда үлкен мақсат тұрды – екі бөлек оқу орнын біріктіріп, оларды біртұтас ғылым мен білімнің, парасат пен руханияттың ордасына айналдыру. Бұл оңай шаруа емес еді. Уақытпен санаспай, күндіз-түні тынымсыз еңбек еттік. Сол жолда Бағдат Кәрібозұлы екеуміз иық тіресе жұмыс атқардық. Оның табандылығы мен жауапкершілігі, іске деген адалдығы сол кездің өзінде айқын көрініп тұратын.

Көп ұзамай оның іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор қызметіне ұсындым. Бұл – үлкен сенім, әрі зор жауапкершілік еді. Бағдат Кәрібозұлы бұл міндетті де абыроймен атқарды. Әсіресе студент-жастарға деген шынайы жанашырлығы, олардың болашағына алаңдай білетін қасиеті оны өзгелерден даралап тұратын.

Ол қызметке кіріскен тұста еліміз жана



ғана тәуелсіздік алып, өз бағытын айқындап жатқан кезең еді. Жастар саясаты да жаңаша сипат алып, жаңа мазмұнмен толығы бастаған уақыт. Осындай тарихи сәтте Бағдат Кәрібозұлы тәрбие жұмысын мемлекеттік бағдарламалармен үйлестіре отырып, жан-жақты жүйелі түрде жүргізе білді.

Сол жылдары университет қабырғасында тәрбие жұмысының тұтас бір жүйесі қалыптасты. Рухани-адамгершілік, патриоттық, зияткерлік, мәдени-эстетикалық, құқықтық, экономикалық және дене тәрбиесі бағыттары өзара сабақтасып, бір арнаға тоғысты. Әрбір студенттің бойында Отанға деген сүйіспеншілік, еңбекорлық, жауапкершілік, құқықтық сана, салауатты өмір салтына деген көзқарас қалыптастыру – басты мақсатқа айналды.

Бағдат Кәрібозұлының бастамасымен сол кезде университетте бұрын-соңды болмаған жаңа құрылым – «Жастар саясаты және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі» ашылды. Бұл бөлімнің тізгінін педагогика ғылымдарының кандидаты Рабиға Тасбергенқызы Игенбаева ұстады. Рабиға Тасбергенқызы мен Бағдат Кәрібозұлы тізе қоса отырып, тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтерді. Соның нәтижесінде факультеттер мен кафедралар деңгейінде жүйелі түрде сағаттары өткізіліп, студенттік орта қалыптасып, жастардың рухани әлемі байи түсті.

Сол жылдардағы әрбір кездесу, әрбір мәдени шара, әрбір пікірталас пен тәрбие сағаты – бәрі де студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, азаматтық ұстанымын нығайтуға қызмет етті. Бұл жұмыстар тек сол кезеңнің жемісі болып қалмай, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан игі дәстүрдің негізін қалады.

Бағдат Кәрібозұлының бұл қызметтегі еңбегі – көзге көрінетін нәтижесімен ғана емес, уақыт сынынан өткен тағылымымен құнды. Ол қалыптастырған жүйе, ол енгізген қағидаттар бүгінгі жастар тәрбиесінде әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Ал оның ғылыми-педагогикалық жолына келсек, бұл – өз алдына бір үлкен белес. Жылдар өте келе Бағдат Кәрібозұлы тек білікті ұстаз ғана емес, елге танымал ірі ғалым ретінде қалыптасты. Филология ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне жетіп, қазақ әдебиеті, фольклорының салаларында сүбелі

еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері ұлттық руханияттың алтын қорына қосылған қомақты үлес.

Бүгін сол бір кезеңдерді еске алғанда, көз алдыма тынымсыз еңбек, үлкен сенім, биік мақсаттар мен адал достық елестейді. Бағдат Кәрібозұлымен бірге атқарған сол жылдар – менің өмірімдегі ең бір мазмұнды, ең бір мағыналы кезеңдердің бірі болып қала береді.

Бағдат Кәрібозұлының еңбек жолына көз жүгірткен сайын, оның өмірі бір ғана қызметтің немесе бір ғана атактың шеңберіне сыймайтын, тұтас бір ғылым мен білімге арналған ғұмыр екенін айқын аңғарасыз. Ол өзінің кәсіби жолын жоғары оқу орнында қарапайым оқытушылық қызметтен бастап, доцент, профессор деңгейіне дейін көтеріліп, факультет деканы, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқара жүріп, ғылыми-педагогикалық қызметін әрдайым биік деңгейде ұштастыра білді.

Проректорлық қызметтен кейін Қорқыт ата мұраларын зерттеу орталығына жетекшілік етуі – оның ғылыми жолындағы заңды жалғасы іспетті болды. Бұл қызметте де ол талай ғылыми жобаларға басшылық жасап, түркі әлеміне ортақ рухани тұлға – Қорқыттың болмысын, философиясын, дүниетанымын жаңа қырынан ашуға күш салды.

Мен оны әрқашан тек ұйымдастырушы басшы ретінде ғана емес, ғылымға шын берілген зерттеуші ретінде таныдым. Оның ғылыми ізденістерінің өзегі – қазақ руханиятының терең тамырларына бойлау еді. Бағдат Кәрібозұлы қазақ фольклоры, әдебиет теориясы, ұлттық мәдениет пен руханият, тіл мен әдебиеттің өзара байланысы сияқты іргелі бағыттарды өмірлік мұратына айналдырды. Бұл жай ғана тақырып таңдау емес, бұл – ұлттың жадын, рухани өзегін тануға деген талпыныс болатын.

Ол қазақ халқының дәстүрлі мұрасын тек жинақтап қана қойған жоқ, оны ғылыми тұрғыда саралап, тарихи-мәдени мәнін ашуға ерекше ден қойды. Әрбір зерттеуінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, сөз өнерінің құдіреті, рухани сабақтастықтың терең иірімдері көрініс тауып жататын. Оның қаламынан туған ғылыми еңбектер осының айқын дәлелі.

Ғалымның еңбектері тек ғылыми ортада ғана емес, кең ауқымда жоғары бағаланды. Қазақ фольклорының теориялық мәселелері, ұлттық әдеби мұраны талдау, руханият пен мәдениетке қатысты жазылған мақалалары көптеген оқу орындары мен ғылыми орталарда талқыланып, өз бағасын алды. Бұл – оның зерттеулерінің өміршеңдігін, өзектілігін көрсететін белгі еді.

Бағдат Кәрібозұлы тек зерттеуші ғана емес, ұстаз ретінде де үлкен мектеп қалыптастырды. Ол жас ғалымдарды тәрбиелеп, ұлттық мұраны зерттеудің ғылыми әдіснамасын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның шәкірттері бүгінде әр салада еңбек етіп, ұстаз жолын жалғастырып келеді. Сонымен қатар, ол қазақ әдебиеті мен мәдениетін халықаралық деңгейде танытуға да айрықша көңіл бөлді. Бұл – оның ғылымға деген кең көзқарасының, ұлт руханиятын әлемге танытуға деген ұмтылысының көрінісі.

Басы 6 бетте

ҒЫЛЫМ МЕН ҒҰМЫР ҮНДЕСТІГІ

Мен өзім әдебиетші ғалым емеспін, терең ғылыми талдау жасауға да талпынбаймын. Бірақ әріптес әрі дос ретінде Бағдат Кәрібозұлының еңбектеріне әрдайым назар салып отырамын. Біздің әрбір кездесуімізде әңгіме міндетті түрде ғылымға, әдебиетке, руханиятқа ойысатын. Сондай сәттерде оның ой тереңдігіне, мәселені кеңінен қамти білетін қабілетіне, ғылымға деген адалдығына тағы бір мәрте көз жеткізетінмін.

Бүгінде Бағдат Кәрібозұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан өзіндік орны қалыптасқан тұлға. Оның еңбектері өміршең, оның ізденісі – жалғасын тауып жатқан үлкен рухани жол. Ал мен үшін ол – сенімді әріптес, сырлас дос және ғылымға адал қызмет етудің жарқын үлгісі болып қала береді.

Жақында ғана Бағдат Кәрібозұлының жаңа кітаптарының тұсаукесеріне қатысып, тағы бір мәрте оның тұлғалық биігін, рухани қуатын айқын сезінгендей болдым. Ол кеш – жай ғана рәсім емес, ұзақ жылдардың табанды еңбегінің, ғылымға деген адалдықтың, руханиятқа деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі іспетті еді. Қанша денсаулық қиындығы болса да, соған мойымай, жан серігі Салтанат екеуі қол ұстасып, еңбектің

ауыр жүгін бірге көтеріп келе жатқаны ерекше құрметке лайық. Сол сәтте мен олардың төзіміне, өмірге деген құштарлығына, ғылымға деген адалдығына іштей сүйсіндім.

Біздің арамыздағы әңгімелердің өзегі қашанда бір – денсаулық, амандық, тіршіліктің қадірі. Кездескен сайын, телефон арқылы тілдескен сайын бір-бірімізге ең алдымен осыны тілейміз. Менің де жүрегімдегі жалғыз тілек – Алла Бағдат Кәрібозұлына қуат берсін, денсаулығын нығайтсын, ғұмырын ұзартсын деген ақ ниет.

Бағдат Кәрібозұлының өміріндегі ең үлкен бақтың бірі – ұлы ұстаз, кемеңгер академик Зейнолла Қабдоловтың шәкірті болуы деп ойлаймын. Университет қабырғасында жүрген жылдары сол кісімен талай жүздесіп, бірге отырып, пікір алмасқан сәттеріміз әлі күнге дейін жадымда. Сондай отырыстардың бірінде ағамыздың Бағдат туралы айтқан сөзі есімнен кетпейді: «Бағдат – менің ақ Бағдатым ғой», – деген еді. Бұл – үлкен сенім мен ерекше ықыластың белгісі болатын.

Бәкеннің өзі де ұстазы туралы әрдайым зор құрметпен, ерекше ілтипатпен айтып отырады. Ұстазына арнап кітап жазуы – оның рухани сабақтастықты терең сезінетінінің айғағы.

Бұл – жас ұрпаққа үлгі, ғылым жолындағы адалдықтың көрінісі.

Жылдар бойы жазылған ғылыми мақалалары, монографиялары – бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да рухани игілігіне айналары сөзсіз. Олар – уақыттан озбайтын, қайта уақыт өткен сайын құны арта түсетін асыл мұра.

Сондықтан менің жүрек түкпірімнен шығатын тілек біреу: Бағдат Кәрібозұлы аман болсын, денсаулығы мықты болсын, ғылымдағы жолы ұзақ болсын. Оның қаламы талмай, еңбегі жана берсін, шығармашылығы жаңа биіктерге жете берсін.

Осы орайда, Бәкеннің 18 мамырда 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Өмірлік серігі Салтанат екеуіне ұрпақтарының қызығын бірге көруді, шаңырақтарының шаттығын тілеймін. Алла нәсіп етсе, алдағы уақытта да жақсы күндерде жүздесіп, Айнура бастаған қыздарының, немерелерінің қызығын көріп, солардың ортасында бақытты ғұмыр кешсін деген ақ тілегімді білдіремін.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР ҰҒА академигі, техника
ғылымдарының докторы, профессор

УНИВЕРСИТЕТ МҮМКІНДІКТЕРІ – ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН ҮЛКЕН СЕНІМ

Бүгінгі қоғамда жастарға тек сапалы білім беру ғана емес, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, көшбасшылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік ұсыну – маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы жолда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың болашағына бағыт-бағдар беріп келе жатқан іргелі оқу орны деп сеніммен айта аламын.

Мен – Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 4 курс студентімін. Сонымен қатар университеттің Жастар комитетінің төрағасы және Қазақстан Студенттер Альянсы Қызылорда облыстық төрағасы ретінде өңір жастарының қоғамдық белсенділігін арттыру бағытында еңбек етіп келемін. Студенттік жылдар мен үшін тек дәріс тындап, білім алумен шектелген жоқ. Бұл кезең – өзімді іздеп, қоғамға пайданды тигізуге талпынған, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерімді дамытқан ерекше уақыт болды. Университет қабырғасында жүріп көптеген мәдени-көпшілік іс-шараларды, жастар кездесулерін, әдеби кештерді, қайырымдылық акцияларын және түрлі әлеуметтік жобаларды ұйымдастыруға атсалыстым.

Әрбір жоба – жастардың үнін естіртін, олардың белсенді азамат болып қалыптасуына жасалған қадам деп білемін. Қазіргі жастар тек біліммен ғана емес, ойымен, бастамасымен, елге деген жанапшырлығымен ерекшеленуі керек. Осы бағытта түрлі республикалық форумдар мен көшбасшылар алаңдарына қатысу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Атап айтқанда, жас көшбасшылар форумдарына қатысып, еліміздің белсенді жастарымен пікір алмасуға мүмкіндік алдым. Мұндай алаңдар адамның дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, жаңа идеяларға жол ашады.

Сондай-ақ мен үшін үлкен мәртебе болған тарихи сәттердің бірі – Мемлекет басшысының

қатысуымен өткен Халықаралық волонтерлер – 2026 ашылу салтанатына қатысуым болды. Бұл шара – еріктілік қызметтің қоғамдағы маңызын арттырып, жастардың азаматтық белсенділігін нығайтатын маңызды бастама



деп есептеймін. Осындай ауқымды іс-шараның куәсі болу – менің қоғамдық қызметіме үлкен мотивация сыйлады. Университеттің жастарға деген қолдауының тағы бір жарқын көрінісі – халықаралық тәжірибе алмасу

бағдарламалары. Белсенді студент ретінде Түркия Республикасының Анталия қаласына тәжірибе алмасу сапарына қатысу бақыты бұйырды. Бұл сапар барысында шетелдік жастармен тәжірибе бөлісіп, халықаралық деңгейдегі жобалармен таныстық. Түрлі мәдениет пен көзқарастың тоғысқан ортасында болу менің өмірлік ұстанымдарыма жаңа серпін берді.

Ең маңыздысы – бұл сапардың барлық шығынын университет толықтай өз мойнына алды. Осындай қолдау студенттердің өзіне деген сенім арттырып, үлкен белестерге ұмтылуына мүмкіндік береді. Бүгінде университет тек білім беріп қана қоймай, студенттердің арманына қанат бітіретін үлкен ортаға айналған.

Менің қоғамдық белсенділігім мен оқу жетістіктерім университет тарапынан бағаланып, оқу ақысына 25 пайыздық жеңілдікке ие болдым. Бұл – жастардың еңбегі мен талпынысына көрсетілген үлкен құрмет деп ойлаймын. Шын мәнінде, университет мүмкіндігі – тек диплом алу емес. Ол – тұлға болып қалыптасу, орта табу, көшбасшылыққа қадам басу, өз дауысыңды қоғамға естірте алу. Бүгінгі студент – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан әр жас өзіне берілген мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, ел дамуына үлес қосуға ұмтылуы қажет. Ал университеттің басты миссиясы – сондай білімді, саналы, белсенді жастарды тәрбиелеу.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – мен үшін арманға бастар жолдың шамшырағы. Осындай білім ордасында білім алып жүргенімді мақтан тұтамын.

Салтанат БИЖІГІТҚЫЗЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің Жастар комитетінің
төрағасы, Қазақстан Студенттер Альянсы
Қызылорда облыстық төрағасы

Арман мен әрекет: жетістікке бастар жол

Университеттің «Үздік түлегі» атауы – кез келген студенттің асқақ арманы. Ал сол биік мақсатқа ұмтылып, бүгінде еліміздің беделді оқу орнында білім беру саласындағы көшбасшылықты зерттеп жүрген Жанбота Байділданов жетістікке жету жолы ерекше қызығушылық тудырады. Оның табысқа жетудегі сыры неде? Арман мен мақсат қалай ұштасады? Осы сұрақтарға жауап алу үшін біз Жанботамен сұхбат құрдық.

– Алғаш университет табалдырығын аттаған кез есіңізде ме? 18 жасар Жанботаның арманы мен қазіргі Жанботаның мақсаты қандай?

– Иә, әрине, ол күндер әлі де жадымда. 2019 жылы Білім-инновация лицейін тәмамдап, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Екі шет тілі» мамандығына оқуға түстім. 11-сыныпта студенттік шағымды Астана немесе Алматы сияқты ірі қалаларда өткізуді жоспарлаған едім. Алайда университетке грантка түскен соң, туған қаламда қалуды жөн көрдім. Сол сәтте алдыма «осы мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланамын» деген ұстанымды алдыға қойдым.

Еңалғашқы үлкен арманым – университеттің «Үздік түлегі» атауы. Болашақ ағылшын тілі маманы болғандықтан, деңгейімді барынша арттыруды көздедім. Жаңа білім алу мен тың дағдыларды меңгеру – бала кезден келе жатқан ұстанымым. Ал тілді меңгеру үшін тәжірибе керек. Сондықтан бірінші курстан бастап жұмыс істегім келді. Тәжірибем болмаса да, ұстаздық жолды бастау – үлкен арманым еді. Қазір артқа қарасам, сол армандарымның көбі орындалыпты. Бірақ білім алу – тоқтамайтын процесс, сондықтан қазіргі мақсаттарым бұрынғыдан да ауқымдырақ.

– Тіл меңгеру, жоғары GPA, конференциялар мен қоғамдық белсенділік... Осының бәріне үлгеру үшін уақытты қалай басқарасыз?

– Тынымсыз тіл меңгеру үшін жұмыс істеп, волонтерлық жұмыстарда белсенділік танытуым – мұның бәрі арманымға жету үшін көмектесетін құрал. Осы белестерді бағындыру үшін уақытты тиімді пайдалануды – басты дағды деп қарастырдым. Ол үшін бірнеше әдісті пайдаланамын. Бұл туралы кітаптарды көп оқыдым. Оның жалғасы ретінде айтылған кеңестерді өмірде жүзеге асырамын. Алға қойған мақсатымды, жоспарымды күнтізбеге жазамын. Одан кейін – тұрақтылық. Үлкен нәтижеге жету үшін кішкентай, бірақ жүйелі өсім қажет. Бір күнде бәрі өзгеріп кетпесі анық. Үшіншіден, жоспарға сай бәрін бақылауда ұстау. Мен күнделікті өзіме есеп беремін. Егер осы семестр жоғары GPA қаласам, ол үшін сабақта белсенді, үй жұмысын тұрақты орындауым керек.

– Тіл білу – ең басты қағидаттардың бірі. Қазіргі білім беру саласындағы ағылшын тілінің рөлін қалай бағалайсыз?

– Бізде барлық пән, зерттеу жұмыстары мен пікірталастар тек ағылшын тілінде. Тіл білу – халықаралық академиялық ортаға жолдама алу деген сөз. Бұл дағды тек бір елдің емес, әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалықтармен, жобалармен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл өзге мәдениеттерді танудың және ойөрісті кеңейту үшін үлкен мүмкіндік деп санаймын.



– Студенттік шақ тек білім алумен ғана емес, ерекше атмосферасымен әсерлі. Осы орайда сізден бізге қызық оқиға болса...

– Студенттік шақтағы ең маңызды дүние – орта. Қасындағы адамдар қандай болса, сенің алдағы 4 жылда дамуың да соған байланысты. Менің достарым мен топтастарым дамуға құштар жандар. Біз уақытымызды кітап талқылауға, бірге сабақ оқуға арнайтынбыз. Сонымен қатар бірге саяхаттап, еліміздің көрікті жерлерін араладық. Студенттерге айтарым – достарыңызбен уақытты пайдалы өткізіңіздер, бойыңызға тек жақсы қасиеттерді жинаңыздар.

– Жетістіктердің артында қиын сәттердің бары анық. Жалғыздық, қаржылық

мәселе немесе «қолымнан келмейді-ау» деген күдік болды ма? Мұндай кезде өзіңізді қалай жігерлендірдіңіз?

– Иә, шынында да мұндай сәттер көп болды. Бірақ жанымда әрдайым қолдау көрсететін анам бар. Алда үлкен жобаны қорғау керек кезде, өзімді қоярға жер таппай, қатты уайымдаймын. Сондай сәттерде анамның: «Бұл – уақытша қиындық, ертең мұны күліп еске аламыз» немесе «Сен бұған дейін де талай жетістікке жеттің, бұл сынақтан да өтетіңіңе сенімдімін» деген сөздерін жиі естимін. Өмірде бәрі бірдей мінсіз бола бермейді. Қазір мен үлкен зерттеу жүргізіп жатырмын. Кейде таңғы беске дейін отырып жазған мәтінімді байқамай өшіріп алған кездерім де болды. Мұндай сәтте қынжыласың, тіпті жылап та аласың. Бірақ кейін жағдайды қабылдап, өзінді жинап, қайтадан іске кірісесің.

– «Қасында үш миллионер болса, төртіншісі сен боласың» деп айтып жатады. Сіздің оқиғаныңда әлеуметтік ортаның рөлі қандай?

– Мен әрдайым «жанымда жақсы адамдар болса екен, тіпті олардың ішіндегі ең білімсізі мен-ақ болайыншы» деп тілеймін. Себебі айналаң мықты болса, сен де соларға қарап бой түзейсің, жақсы әдеттерін бойыңа сіңіресің. Жақсы ортада жүрген адамның талабы да, талғамы да жоғары.

– Болашақта үздік университеттің студенті атанғысы келетін, ұстаздыққа жол тартатын жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Тек теориямен шектелмей, практиканы қатар алып жүріңіздер. Тіпті бір ғана балаға сабақ берсеңіз де, ол – тәжірибе. Өз саланыңды майталмандарымен сұхбаттасып, жаңа технологияларды меңгеріңіз. Сабақты қалай қызықты өткізуге, баланы пәнге қалай ғашық етуге болады деген сұрақтарға жауап іздеңіздер. Ұстаздық, ең алдымен, мамандыққа және балаға деген махаббаттан басталады.

– Жас маман ретінде Қазақстанның білім беру саласына қандай өзгеріс екелгіңіз келеді? Егер сізде білім жүйесіне бір өзгеріс қосуға мүмкіндік болса, ол не болар еді?

– Қазір жас мамандардың әл-ауқатын зерттеудемін. Осы зерттеулер нәтижесінде Қазақстанда білім беру салаларында оқып жатқан студенттердің 55%-ы жас мамандардың 25%-ы алдағы 5 жылда осы саланы тастап кетуді жоспарлаған. Кейінгі 3%-ы жұмысында стресске ұшырайды екен. Өзімде жас маман ретінде түрлі баламен жұмыс істедім. Сондықтан менде мүмкіндік болса, жас мамандарға түрлі психологиялық тренинг, семинар өткізер едім.

– Сұхбат үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Мерей ШӘКРАТ

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Н.С. БАЙҚАДАМОВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры
М.Ә. БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
У.С. ИБРАЕВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Жауапты редактор:

**Дамира
Аманжолова**

Техникалық редактор:
**Асқар
Махашов**

СЫР ТҮЛЕГІ
жастар газеті
1992 жылдан шығарылып келеді

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.